

**МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ**

**ПӘНІ: БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ГИГИЕНАСЫ
МАМАНДЫҒЫ: ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ**

СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

**ТАҚЫРЫБЫ: СПОРТ ЗАЛДАРЫНЫҢ ЖАБДЫҚТАЛУЫНА
ҚОЙЫЛАТЫН ГИГИЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАР**

ОРЫНДАҒАН: СЫРЫМ АБЗАЛ

ТОБЫ : 403

ТЕКСЕРГЕН: ЖАҚСЫБАЕВА Ұ

□ *Жоспары:*

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

*1. Спорт залдарына қойылатын санитарлық
эпидемиологиялық талаптар*

*2. Спорт залдарының жабдықталуына
қойылатын гигиеналық талаптар*

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

- Кіріспе:
- Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеуде дене шынықтырудың маңызы зор. Сол себептен де спорт құрылымдарын жобалау және салу, ондағы жиһаздарға қойылатын талаптарды сақтау қажет.
- Еліміздегі балалар мен жасөспірімдер гигиенасында, денешынықтыру тәрбиесінің мақсаты - қандай да бір спорттық нәтижелерге жету емес, жоғары деңгейдегі денсаулық көрсеткішіне жету болып табылады. Бұл мақсат жеке адамдармен қатар, жалпы қоғамның мүддесіне де сәйкес келеді. Көпшілік қауым баланың чемпион титулына талаптануына тиым сала алмайды, бірақ оны денсаулығына әсер ететін қауіптен қорғауға міндетті.
- Көрсетілген мақсатқа жету үшін, денешынықтыру тәрбиесінің міндеттері оның жетістіктеріне байланысты біршама өзгертілді және әлі де өзгертілуде. Жастардың әлеуметтік іс-әрекеттерге жарамдылығы негізінде жүргізілген есептеулер бойынша бұл өзгертулердің тиімділігі өте көптеген факторларға байланысты.

- Спорт залы оқу бөлмелерінен оңаша орналасқан мектеп кешенінің жеке бір қанатының бірінші қабатында орналасады. Оның есігі жеке дәлі арқылы немесе киім шешетін бөлме арқылы өтеді. Спорт
- жабдықтарының бөлмесі мен спорт залының аралығында екеуін байланыстыратын есігі болады.
- Спорт залының ауданы мектептегі оқушылар санына сәйкес әр оқушыға 4 м^2 есебінен бөлінеді: 192, 320, 624 орындық мектептерде 162 м^2 (9×18), 784 және 1176 орындық мектептерде 288 м^2 (12×24), одан ірі мектептерде 2 зал: 1568 орындық мектепте 144 м^2 (12×12) және 288 м^2 (12×14), ал 1960 орындық мектепте 144 м^2 және 450 м^2 (15×30) залдар болуы керек. Спорт залдарының биіктігі 5-6 м. Спорт залының қосымша бірнеше бөлмелері болады: ер балалар мен қыздарға арналған және киім шешінетін бөлмелер. Спорт залына шектес спорт жабдықтарының кішкентай қойма-бөлмесі болады.

- Спорт аймағы (0,1-1,07 га) мұнда дене шынықтыру пәніне және спорт ойындарына қажетті алаңдар орналасады. Оның жері мектеп кешенінің терезесінен ең кем дегенде 10 м қашықта болу керек. Көпшілік мектептерде спорт аймағына 5800-7900 м², тек кейбір мектептерде ғана 4900-10700 м² жер бөлінеді, яғни Мұның да жері оқушылардың санына лайық беріледі. Барлық мектептердің жеңіл атлетика (4900 м²) және гимнастика (600 м²), баскетбол мен волейбол (480 м²) алаңдары, ал ірі мектептерде (1176-1960 орындық) футбол немесе басқа спорт ойындарына арналған үлкен алаң (2960 м²) болады.

- Көпшілік ауыл мектептерінде үлкен спорт алаңдары (волейбол, баскетбол, футбол) ауыл шетінде жеке орналасады. Бұл алаңдардың тегіс, шөптесін жерде, шаңы аз жерде орналасып, транспорт жолдарынан алыс, ауылшарушылық құрылыстарынан, мал қораларынан аулақ болғаны дұрыс. Спорт алаңдарын тастардан, ағаш бұтақтарынан, шыны сынықтарынан тазартып, балалардың денесіне зиян келтірмеу жағына көңіл бөлу керек.







